



Мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы туралы заңнама нормаларын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 15 ақпан N 8-ө

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 7 қаңтардағы N 5

P020005_

қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің он жылдығын мерекелеуге арналған 2001 жылғы 16 желтоқсандағы салтанатты сөзінде алға қойған міндеттерді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 3-тармағын орындау мақсатында мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы туралы заңнама нормаларын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін мына құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Тұрысбеков - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
Зауытбек Қауысбекұлы қызмет істері жөніндегі агенттігінің
төрағасы, жетекші (келісім бойынша);

Шамсутдинов - Қазақстан Республикасының Әділет
Ринат Шарафутдинович вице-министрі, жетекшінің
орынбасары;

Наратау - Қазақстан Республикасының
Қобыланды Бақытжанұлы Президенті Әкімшілігінің
Мемлекеттік-құқықтық бөлімі
менгерушісінің бірінші орынбасары
(келісім бойынша);

Пепенин - Қазақстан Республикасы Премьер-
Анатолий Сергеевич Министрінің Кеңесі Кадр жұмысы
бөлімінің менгерушісі;

Байжанов - Қазақстан Республикасының
Ұлан Сапарұлы Мемлекеттік кіріс вице-министрі;

Қазбекова - Қазақстан Республикасы Сыртқы
Раушан Қазықанқызы істер министрлігінің Инвестициялар
жөніндегі комитеті төрағасының
орынбасары;

Жүсіпов - Қазақстан Республикасы Бас
Қайрат Зияұлы прокурорының Қазақстан
Республикасының Парламентіндегі
өкілі (келісім бойынша);

Сераев - Қазақстан Республикасы Жоғарғы
Хамет Альбертович Сотының аппараты Ұйымдастыру-
талдау басқармасының бас
консультанты (келісім бойынша);

Сейітов - Қазақстан Республикасының Ішкі
Сағит Сәбитұлы істер министрлігі Тоғызыншы
департаментінің бастығы;

Ахметжанов - Қазақстан Республикасының
Саян Қылышұлы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі
агенттігі Мемлекеттік қызметті
құқықтық қамтамасыз ету
департаментінің директоры (келісім
бойынша);

Шекимова - Қазақстан Республикасының
Людмила Николаевна Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі
агенттігі Мемлекеттік қызмет
саласындағы заңнаманың сақталуын
бақылау басқармасының бастығы
(келісім бойынша);

Злотников - "Транспаренси Казахстан" қоғамдық
Сергей Михайлович қорының атқарушы директоры
(келісім бойынша);

Елемесов - Шетелдік инвесторлар кеңесі жұмыс
Асқар Раушанұлы органының өкілі, "Дойче Банк
Секьюритиз Казахстан" ашық
акционерлік қоғамының президенті
(келісім бойынша).

2. Жұмыс тобы бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік этикасы ережелерін бекіту туралы N 328 U000328_ Жарлығына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлесін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі

агенттігі (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп, 2002 жылғы 25 наурызға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының тиісті жобасын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне енгізісін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Б.Ә.Мұхамеджановқа жүктелсін.

Премьер-Министр

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.